Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2026 жылдың 9 айында атқарылған жұмыстарының есебі.

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесі жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына, сондай-ақ бекітілген жұмыс жоспарына сәйкес өз қызметін жүйелі түрде жүзеге асырды. Есепті кезеңде Қоғамдық кеңес тарапынан қоғам мен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты нығайту, қоғамдық бақылауды жүзеге асыру және тұрғындардың өзекті мәселелерін қарау бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды.

2026 жылдың бірінші жартыжылдығында Қоғамдық кеңестің 9 отырысы өткізіліп, онда 15 мәселе қаралды. Қаралған мәселелер бойынша тиісті шешімдер қабылданып, уәкілетті мемлекеттік органдарға ұсынымдар берілді. Қоғамдық кеңес қарауына ұсынылған материалдар мен жобаларды талқылау барысында заңнамамен белгіленген мерзімдер толық сақталды.

Атап айтқанда, 2026 жылғы 22 қаңтарда өткен Қоғамдық кеңестің бірінші отырысында Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің 2026 жылға арналған жұмыс жоспары бекітіліп, кеңес мүшелеріне алдағы кезеңде атқарылатын жұмыстар бойынша нақты тапсырмалар жүктелді.

2026 жылғы 2 ақпанда Қоғамдық кеңестің кезектен тыс отырысы өткізіліп, онда «Қазақстандағы конституциялық реформа» тақырыбында сарапшылық талқылау ұйымдастырылды. Талқылау барысында конституциялық реформалардың елдің қоғамдық-саяси өміріндегі маңыздылығы, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдірудегі рөлі және қоғамның дамуына ықпалы туралы пікір алмасу жүргізілді.

2026 жылғы 19 ақпанда Қоғамдық кеңестің екінші отырысы өтіп, күн тәртібіне сәйкес 2 мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бала қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау, жастар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу бағытындағы жұмыстар зерделенді. Осы мәселе аясында аудандық ішкі істер бөліміндегі кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі инспекторлардың қызметі, сондай-ақ аудан әкімдігінің бас инспекторы – кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия хатшысының атқарған жұмыстары қаралды. Зерделеу нәтижесінде атқарылған жұмыстардың қорытындылары талданып, тиісті ұсынымдар берілді.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қарасай ауылдық округінің 2025–2026 жылдары атқарған жұмыстары қаралды. Сонымен қатар, округ әкімдігі

тарапынан көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі бойынша жүргізілген зерделеу нәтижелері тыңдалды.

2026 жылғы 31 наурызда Қоғамдық кеңестің үшінші отырысы өткізіліп, онда 2 мәселе қаралды.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша ауыл шаруашылығы саласындағы көктемгі егіс-дала жұмыстарына дайындық барысы қаралды. Сонымен қатар, қуаңшылықтың алдын алу мақсатында жүргізіліп жатқан дайындық шаралары, суармалы судың тапшылығы және осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар талқыланды.

Екінші мәселе бойынша 2025 жылғы аудандық бюджеттің орындалуы туралы есеп тыңдалып, бюджет қаражатының игерілу барысы мен негізгі көрсеткіштері талқыланды.

2026 жылдың 29 сәуірінде Қоғамдық кеңестің кезекті отырысында 2 мәселе қаралды, олар «Қордай ауданы бойынша қылмыстық жазаларын өтеген адамдарға әлеуметтік және өзге де көмек көрсету туралы» және «Аудан аумағында жайылымдық жерлерді тиімді пайдалануды ұйымдастырудағы атқарған жұмыстардың барысы туралы және «Жер аманаты» жобасы шеңберінде пайдаланылмай жатқан және жекеменшікке заңсыз берілген ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекет меншігіне қайтару жөнінде жұмысы туралы» мәселелер қаралды.

2026 жылдың сәуір айында ауданда облыстық қоғамдық кеңес мүшелерімен бірге Қоғамдық кеңестің қоғамдық бақылауы (4 мониторинг) жүргізілді, атап айтқанда аудандағы дін істері, денсаулық сақтау, білім беру (Бетқайнар, Қордай ауылшаруашылық колледждері), аудан әкімдігінің сәулет және құрылыс, автомобиль жолдары және жолаушылар көлігі салаларына жүргізілетін қоғамдық бақылау нысандары болып табылды, нәтижесінде нақты тапсырмалар, ұсыныстар берілді.

Мамыр айының 29 жұлдызында жоспарға сәйкес 2 мәселе, олар «Қылмыс санатының бірі алаяқтық, оның ішінде интернет алаяқтығы бойынша аудандық полиция бөлімі, аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімі және т.б. жауапты мекемелердің жұмысы және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары аралығындағы Степной ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі қаралды.

Отырыс қорытындысы бойынша Қордай аудандық Қоғамдық кеңесі күн тәртібіндегі мәселелерге байланысты тиісті шешімдер қабылдап, жауапты мекемелерге жұмыстарды жүйелі жалғастыру жөнінде ұсыныстар енгізілді.

2026 жылғы маусым айының басында Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің жұмыс жоспарына сәйкес аудан аумағында қоғамдық бақылау (мониторинг) жұмыстары жүргізілді.

Мониторинг барысында аудан аумағындағы дәріханаларда әлеуметтік маңызы бар дәрілік заттардың бағаларына зерделеу жүргізіліп, тұрғындарды қажетті дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету жағдайын зерделеу, дәрі-дәрмек бағаларының негізсіз қымбаттауына жол бермеу, кейбір дәрілік препараттарға белгіленген шекті бағалардың сақталуын бақылау және халықтың денсаулығын қорғау бағытындағы жұмыстардың орындалуын қадағалау болды.

Қоғамдық кеңес мүшелері бірқатар дәріханаларды аралап, әлеуметтік маңызы бар дәрілік заттардың қолжетімділігіне, бағаларының қолданыстағы талаптарға және белгіленген шекті мөлшерлерге сәйкестігіне, сондай-ақ қызмет көрсету сапасына назар аударды. Сонымен қатар дәріхана қызметкерлерімен кездесіп, дәрі-дәрмек қорының жеткіліктілігі мен баға қалыптастыру мәселелері бойынша пікір алмасты.

Мониторинг нәтижесінде дәріханалардағы баға саясаты мен дәрі-дәрмек қорының жай-күйі зерделеніп, тұрғындар үшін маңызды мәселелер бойынша тиісті ұсыныстар айтылды.

Сонымен қатар, балалардың жазғы демалыс кезеңіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында аудан аумағындағы су айдындарында қауіпсіздік талаптарының сақталуына қоғамдық мониторинг ұйымдастырылды. Мониторинг барысында Қордай ауданындағы «Алмаз» және «Гавайи-Қордай» жаппай демалыс орындарының жағажайлары тексерілді. Тексеру кезінде суға шомылу аймақтарының қауіпсіздік талаптарына сәйкестігі, ескерту және ақпараттық белгілердің орнатылуы, құтқару құралдарының болуы, демалушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары назарға алынды. Демалыс орындарының әкімшіліктеріне балалар мен жасөспірімдердің судағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, қауіпсіздік талаптарын қатаң сақтау қажеттігін ескертті.

23 маусымда Қоғамдық кеңестің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібіне сәйкес 2 мәселе қаралды. Алғашқы мәселе бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің жазғы кезеңдегі шомылу маусымы мен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында атқарған жұмыстарының зерделеу нәтижесі қаралды. Күн тәртібіндегі екінші мәселе халықты жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік бағдарламалардың орындалу барысына арналды. Қордай аудандық мансап орталығының қызметі, жұмыссыз азаматтарды тұрақты жұмыспен қамту, кәсіптік оқыту, жастар тәжірибесі, қоғамдық жұмыстар және басқа да мемлекеттік қолдау шараларының жүзеге асырылу деңгейі талқыланды.

Үстіміздегі жылдың 26 тамызында Қоғамдық кеңестің отырысында барлығы 3 мәселе қаралды, бірінші мәселе, ол аудан бойынша мекемелердің жылыту маусымына дайындық (қатты отын, газ, т.б.) бағытында тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің атқаралып жатқан жұмыстардың барысы туралы, екінші мәселе аудан әкімдігінің кәсіпкерлік өнеркәсіп және туризм бөлімінің атқарған жұмысын зерделеу, үшінші мәселе «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» заңына сәйкес 2025-2026 жылдары Кенен ауылдық округінің атқарылған жұмыстары туралы және округ әкімдігімен көрсетілген мемлекеттік қызметі бойынша зерделеу жұмыстары жүргізіліп, нәтижелері қаралды.

Келесі кезекті отырыс 30 қыркүйекте өткізіліп, күн тәртібінде 2 мәселе қаралды. Атап айтқанда, Қордай ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің (әскери комиссариат) атқарған жұмыстарын зерделеу туралы және жеке тұрғын үй құрылысына арналған жер учаскелерін бөлу және игеру, сондай-ақ олардың инфраструктурасының жағдайы туралы қаралды.

Барлық қаралған мәселелер бойынша жауапты мекемелерге хаттар жолданып және тиісті ұсынымдар беріліп, нақты шешімдер қабылданды.

Сонымен қатар, Қоғамдық кеңес қарауына ұсынылған нормативтік құқықтық актілер жобаларын қарау бойынша барлығы 20 құжат тапсырылды. Олардың ішінде: Аудандық мәслихатқа -1, Қордай ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөліміне – 3, Қордай ауданы әкімдігінің тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі -1, Қордай ауданы әкімдігінің экономика және бюджеттік жоспарлау бөліміне – 12, Қордай ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне – 3 ұсыным берілді.

Аталған құжаттар бойынша Қоғамдық кеңес тарапынан ұсыныстар енгізіліп, оларды жетілдіру бойынша тиісті ұсынымдар жолданды.

Жеке тұлғалардан келіп түскен 4 арыз–шағымдар тиісті мекемелерге жіберіліп, олардың өтініштері қанағаттандырылды.

Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің атқарған жұмыстары туралы ақпарат аудандық қоғамдық-саяси «Қордай шамшырағы» – «Кордайский маяк» газетінде 11 мақала жарияланды. Сонымен қатар, атқарылған жұмыстар туралы мәліметтер республикалық «KazKenes» порталында, Қордай аудандық мәслихатының ресми интернет-ресурсында, сондай-ақ Қордай аудандық Қоғамдық кеңесінің Facebook және Instagram әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында тұрақты түрде жарияланып, тұрғындарға ақпарат беріліп отыр.

Жалпы алғанда, Қордай аудандық Қоғамдық кеңесі 2026 жылдың бірінші жартыжылдық бекітілген жоспарға сәйкес өз қызметін жүйелі түрде

жүргізіп, қоғамдық бақылау тетіктерін жүзеге асыруға, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыруға және аудан тұрғындарын толғандыратын өзекті мәселелерді қарауға бағытталған жұмыстарды атқарды.

Аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы **Н.Молдабеков**